

МРНТИ:15.01.79

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.17>

А.Х.Аренова<sup>1</sup>, Э.Т.Баярыстанов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

<sup>2</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(Алматы, Қазақстан)

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### Аңдатпа

Бүгінгі еңбек нарығында өзінің жұмысын тиімді жоспарлай білетін, алған білімін кәсіби қызметте ұтымды қолдана алатын, түпкілікті нәтижеге жету үшін әртүрлі санаттағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната алатын жоғары білікті маман сұранысқа ие болып отыр. Осыған орай кәсіби білім беру үрдісі де өзгеріп, маман даярлаудың мақсаты мен мазмұнын, нәтижесін айқындауда құзыреттілік тәсілдеме жетекші парадигмаға айналды. Оның басты міндеті – болашақ маманды сапалы білім, білік, дағдылармен қамтамасыз етумен қатар, кәсіби-тұлғалық дамуына жағдайлар жасау, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Мақалада педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық аспектілері қарастырылған. Автор құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік ұғымдарына берілген анықтамаларға талдау жасаумен қатар, педагог-психолог қызметінің ерекшеліктерін зерделеп, соның негізінде, болашақ педагог-психолог маманның кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылаған. Нәтижесінде педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымына когнитивті (психологиялық-педагогикалық білім); іс-әрекеттік (кәсіби функционалдық міндеттерін орындауға қажетті ептіліктер мен іскерліктер) және тұлғалық компоненттер (тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері және кәсіби бағыттылығы) кіріктірілген. Ал олардың қалыптасу көрсеткіштері былайша тұжырымдалған: кәсіби білімнің толықтығы және әрекеттілігі; кәсіби мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігі, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер; кәсіби уәждеме және кәсіби маңызды қасиеттер.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік; кәсіби құзыреттілік; педагог-психолог; психологиялық-педагогикалық қызмет; кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттер.

А.Х.Аренова<sup>1</sup>, Э.Т.Баярыстанов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

<sup>2</sup>Казахский Национальный университет имени аль-Фараби

(Алматы, Казахстан)

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ- ПСИХОЛОГОВ

### Аннотация

Сегодня на рынке труда востребованы высококвалифицированные специалисты, умеющие эффективно планировать свою деятельность, рационально использовать полученные знания в профессиональной деятельности, эффективно общаться с людьми из разных групп для достижения конечного результата. В этой связи изменился и процесс профессионального образования – в определении целей и содержания, результатов

подготовки специалиста ведущей парадигмой стал компетентностный подход. Его главная задача – не только обеспечить будущего специалиста качественными знаниями, умениями, навыками, но и создать условия для его профессионально-личностного развития, т.е. формирование профессиональной компетентности.

В статье рассмотрены теоретические аспекты формирования профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов. Автор на основе анализа и обобщения определений, данных понятиям «компетентность», «профессиональная компетентность», а также изучения психолого-педагогической деятельности, раскрывает сущность и содержание профессиональной компетентности педагога-психолога. В содержание профессиональной компетентности педагога-психолога интегрированы когнитивный (психолого-педагогические знания); деятельностный (умения и навыки, необходимые для выполнения профессиональных функциональных обязанностей) и личностный компоненты (профессионально значимые качества и профессиональная направленность личности). Показатели их сформированности определяются следующим образом: полнота и действенность профессиональных знаний; способность самостоятельно решать профессиональные задачи, коммуникативные и организаторские способности; профессиональная мотивация и профессионально важные качества.

**Ключевые слова:** компетентность; профессиональная компетентность; педагог-психолог; психолого-педагогическая служба; профессионально важные личностные качества.

A.Arenova,<sup>1</sup> E. Bayarystanova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(Almaty, Kazakhstan)

## THEORETICAL ASPECTS OF THE PROBLEM OF FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS

### Abstract

Today, highly qualified specialists are in demand in the labor market who are able to effectively plan their activities, rationally use their knowledge in professional activities, effectively communicate with people from different groups to achieve the final result. In this regard, the process of vocational education has also changed – the competence approach has become the leading paradigm in determining the goals and content, results of specialist training. Its main task is not only to provide the future specialist with high-quality knowledge, skills, and skills, but also to create conditions for his professional and personal development, i.e. the formation of professional competence.

The article discusses the theoretical aspects of the formation of professional competence of future teachers-psychologists. The author, based on the analysis and generalization of definitions given to the concepts of "competence", "professional competence", as well as the study of psychological and pedagogical activity, reveals the essence and content of the professional competence of a teacher-psychologist. Cognitive (psychological and pedagogical knowledge) is integrated into the structure of professional competence of a teacher-psychologist; activity (skills and abilities necessary to perform professional functional duties) and personal components (professionally significant qualities and professional orientation of the individual). Indicators of their formation are determined as follows: completeness and effectiveness of professional knowledge; ability to independently solve professional tasks, communicative and organizational abilities; professional motivation and professionally important qualities.

**Keywords:** competence; professional competence; teacher-psychologist; psychological and pedagogical service; professionally important personal qualities.

**Кіріспе.** Еліміздің экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай жоғары білім беру жүйесінің үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы – заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының жаңаша мазмұны мен сипатына қарай және еңбек сапасына қойылатын талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды қажет етеді.

Қоғамның мұндай әлеуметтік тапсырысы кәсіптік білім беру ісін реттейтін нормативтік құжаттарда да нақтыланып белгіленді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «кәсіптік білім – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызметті жүргізуіне және (немесе) нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімдерді, машықтарды, дағдыларды және *құзыреттерді* алуына бағытталған білім беру түрі» [1] ретінде анықталса, Кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында маманға берілетін «біліктілік – алынған кәсіп пен мамандық бойынша қызметтің белгілі бір түрін *құзыретті* орындауға білім, даярлық деңгейі» [2] деп көрсетілген. Демек, білім берудің жаңа стандарты болашақ маманның дайындығын білім беру бағдарламасының нақты мазмұнын игеру деңгейімен емес, белгілі бір құзыреттердің қалыптасу деңгейімен бағалауға бағытталған. Бұл жөнінде аталған құжатта «оқытудан күтілетін нәтижелер Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді» деп жазылған.

Зерттеудің мақсаты – мәселеге қатысты ғылыми-теориялық әдебиетті талдау негізінде болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мен қалыптасу көрсеткіштерін анықтау.

**Материалдар мен әдістер:** зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттер, нормативтік-құқықтық құжаттар және әдістемелік материалдар. Зерттеу әдістері: теориялық әдістер – талдау, салыстыру, дәйексөз алу, жалпылау; эмпирикалық әдістер – сұхбаттасу, бақылау, әңгімелесу.

**Негізгі бөлім.** Болашақ маманның өзінен күтілетін нәтижелерге, жетістіктерге бағдарлануы студенттердің біртұтас әмбебап білім, білік, дағдылар жүйесін және өздігінен жұмыс жасау, жеке басына жауапкершілік алу, шығармашылық ықылас пен ұтқырлық таныту секілді маңызды сапаларын, яғни тірек құзыреттерін қалыптастыруды және дамытуды қажет етеді. Осыған орай қазіргі таңда маман даярлау ісінде пәндік білім беру парадигмасынан құзыреттілікке бағытталған оқыту моделіне, яғни күтілетін нәтижеге бағдарлану орын алууда.

Білім беру саласына өткен ғасырдың 60-шы жылдары келген «құзыреттілік» ұғымы білім беруге құзыреттілік тұрғыдан келу ұстанымымен бірге зерттеліп, ғылыми әдебиеттерде, зерттеу мақалалары мен еңбектерде кең тарай бастады. Ғалымдар құзыреттілікті философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қырларынан қарастыра отырып, оны адамның бағдарлауындағы мынадай аймақтағы іс-әрекеттері негізінде алып қарайды: жұмыста, оқуда, денсаулықта, мәдениетте, саясатта, қоршаған ортада, әлемде. Мұндай ұстаным адамның құзыреттілігіне байланысты мінездемесінің әртүрлі екендігін көрсетеді: әлеуметтік, кәсіби, мәдениеттік, азаматтық, жан-жақтылық.

Құзыреттілік мәселесін зерттеуде И.А.Зимняя, А.В.Хуторский, Н.В. Кузьмина, Л.В.Свирская және т.б. ресейлік ғалымдар, А.Б.Абибулаева, К.Құдайбергенова, Б.Тұрғынбаева, Ш.Таубаева сияқты отандық ғалымдар үлкен үлес қосып, ғылыми-теориялық талдаулар жасаған. Педагог-ғалымдар құзыреттілік ұғымына, оның түрлеріне жан-жақты сипаттама беріп қана қоймай, мұнымен қоса құзыреттілік тұрғыдан білім беру тәсілдерін де іздестірген. Олар құзыреттілік тұрғысынан білім берудің басты ерекшелігі дайын білімді игерту емес, білімді өз бетімен игеруге, оны практикада қолдана білуге жағдай туғызу екендігін баса ескертеді.

Сонымен, «құзыреттілік» ұғымының шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан кешенді түрде зерттелуі оның маңызы мен мәнін ашуға, мазмұны мен құрылымын, қалыптасуы мен дамуын, педагогикалық және психологиялық тұрғыдан тұтас сипатын ашуға мүмкіндік береді.

Біз қарастырып отырған түйінді мәселе – болашақ мамандардың, оның ішінде, педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі.

Әр түрлі саладағы мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі көптеген қазіргі ғылыми еңбектердің зерттеу нысаны болып табылады. Осы бағыттағы жұмыстарды талдау олардың, негізінен, «адам-адам» кәсіптер типіне қатысты жүргізілетінін көрсетеді. Маманның кәсіби құзыреттілігі және оны қалыптастыру мәселелері жөнінде шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде біршама теориялық және тәжірибелік материалдар жинақталған.

Оларды зерделеу барысында біз «кәсіби құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамаларды салыстыра отырып, оның мазмұнына қатысты бірыңғай пікірдің жоқтығы туралы қорытынды жасадық. Анықтамалардың басым көпшілігіндегі ортақ пікір – кәсіби функцияларды орындауға, кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін кәсіби білімдер, ептіліктер мен дағдылар. Алайда маман қызметінің сәттілігі мен нәтижелігі оның кәсіби білімі, ептіліктері мен дағдыларына ғана байланысты емес, оған кәсіби-тұлғалық сапалардың қалыптасу деңгейі де айтарлықтай әсер етеді. Сол себепті кәсіби құзыреттілікті жеке тұлғалық қасиеттер арқылы, яғни тұлғаның іс-әрекетке білім мен тәжірибеге негізделген қабілеттілігі мен дайындығы ретінде қарастыру аса маңызды деп есептейміз.

Бұл орайда, А.А.Вербицкийдің анықтамасын атап өтуге болады. Зерттеуші кәсіби құзыреттілікті келесі элементтердің өзара кіріктірілген жиынтығы ретінде анықтайды: кәсіптік және тұлғалық сапалары, әлеуметтік және экономикалық белсенділік мәдениетін, мәдени-адамгершілік құндылықтарды, дүниетанымды игеруге ықпал ететін ғылыми білім, дағдылардың болуы. [3]. Осы тұжырымдама негізінде, И.В.Гладкая да кәсіби құзыреттілікті тұлғаның білім мен тәжірибені, құндылықтар мен бейімділіктерді қолдана отырып, нақты жағдайларда пайда болатын кәсіби мәселелер мен міндеттерді шешу қабілетін анықтайтын жиынтық сипаттамасы ретінде тұжырымдайды. [4]

А.К.Маркова кәсіби құзыреттілікті белгілі еңбек функцияларын орындаудағы өзіндік жауапкершілігі, адамның біліктілігі мен қабілеттілігі, психологиялық сапалары, психологиялық жағдайының сабақтастығы ретінде анықтайды. Автор құзыреттілікті адамның кәсіби талаптарына сай жеке сипат дәрежесі, яғни адамның кәсіби қызметіндегі, кәсіби қарым-қатынастағы көрегендігі, оның даралығы мен кәсіби тұлғалық бейнесінің тұрақтануы деп пайымдайды. Осыған орай ғалым маманның төрт кәсіби құзыреттілік түрін ажыратады:

- кәсіби қызметті жоғары дәрежеде меңгеруіне және өзінің кәсіптік дамуын жобалау қабілетіне байланысты арнайы құзыреттілік;
- субъект-субъектілік біріккен қызметті ұйымдастыру біліктілігін меңгеруіне байланысты әлеуметтік құзыреттілік;
- өзін тұлғалық дамыту, өзін көрсету тәсілдерін меңгерген, сондай-ақ, кәсіби деформацияға қарсы тұруға мүмкіндік беретін тұлғалық құзыреттілік;
- өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі ұйымдастыру, кәсіп аясында өзінің даралығын дамыту, кәсіби тұлғалық өсу дайындығын меңгерген дара құзыреттілік. [5]

Сонымен, аталған кәсіби құзыреттілік ұғымын қарастыруға арналған зерттеулерді талдап қорыту негізінде оның мазмұнын былайша тұжырымдауға болады: кәсіби құзыреттілік дегеніміз – маманның кәсіби қызмет саласындағы жұмыс міндеттерін нәтижелі және сапалы орындауына қажетті теориялық және тәжірибелік дайындығын, сондай-ақ кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттері мен қызметке деген жеке қатынасын қамтитын жиынтық сипаттамасы.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жөніндегі соңғы бес жылдағы диссертациялық зерттеулер мен ғылыми жарияланымдардың мазмұнын талдау педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі, оны қалыптастыру мәселелелеріне арналған зерттеулердің аз екенін көрсетті.

Психологтың, педагог-психологтың кәсіби қызметінің психологиялық-педагогикалық аспектілері Г.С. Абрамова, М.Р. Битянова, И.В. Вачкова, И.В. Дубровина, Н.И. Исаева, А.И. Красило, А.П. Новгородцева, Е.С. Романова, В.В. Рубцова, Л.М. Фридман сияқты ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Өкінішке орай, қазақстандық ғылыми әдебиетте бұл мәселеге арналған зерттеулер көп емес (Е.Д. Абишева, Н.С. Ахтаева, З.М.Балғымбаев, Р.Т.Меңдалиев, Х.Т. Шерьязданова, П. Т. Абдуллаева және басқалар).

Зерттеу проблемасының өзектілігін негіздеу мақсатында біз теориялық әдебиеттер мен баспасөз материалдарын зерделеумен бірге, педагог-психолог мамандармен сұхбаттасу жүргіздік. Нәтижесінде анықталғаны: жоғары оқу орнын аяқтап, кәсіби іс-әрекетке кіріскен жас мамандар өздерінің теориялық білім деңгейлері жоғары болғанына қарамастан, нақты кәсіби мәселелерді шешуде, әсіресе, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі, жалпы білім беру бағдарламаларын игеруде, дамуда және әлеуметтік бейімделуде проблемалары бар оқушыларға нақты педагогикалық-психологиялық көмек көрсетуде қиындықтар болғаны туралы айтты.

Бүгінгі күні психологиялық-педагогикалық қызмет орта білім беру ұйымдарының міндетті құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушыларға қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау, сондай-ақ біртұтас педагогикалық процеске қатысушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, олардың психологиялық денсаулығын сақтау.

Соңғы жылдары қазақстандық білім берудегі психологиялық қызметтің қалыптасуы мен дамуында Э.Д.Абишеваның, Н.С.Ахтаеваның, З.М. Балғымбаеваның, Н.Б. Жиенбаеваның, Р.Т. Мендалиеваның, Х.Т. Шерьязданованың еңбектері үлкен рөл атқарды. Теоретиктер тарапынан да, практиктер жағынан да білім берудегі қоғам дамуының қазіргі талаптарына сай келетін, сондай-ақ педагогикалық үрдіске қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын психологиялық қызметтің тиімді және нәтижелі модельдерін жасауға деген белсенді қызығушылық байқалады.

З.М. Балғымбаева мен Н.С. Ахтаеваның пікірінше, мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – дамудың әлеуметтік жағдайын және оқу үрдісін ғылыми психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету, яғни оқу-тәрбие үрдісін оған қатысушылардың денсаулығын қорғаудың психологиялық жағдайларын қамтамасыз ететін заманауи психологиялық-педагогикалық теориялар негізінде ұйымдастыру, құру және іске асыру. [6]

Білім беру мекемелеріндегі педагог-психологтың жұмысы оқыту, тәрбиелеу және дамыту үрдісінде жүретін психодиагностикалық, түзету-дамыту, кеңес беру және оқу-ағарту қызметтерін қамтиды. Педагог-психолог жұмысының күрделілігі оның қызмет барысында қарым-қатынас жасайтын аудиториясының алуан түрлілігіне байланысты – оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер, сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі, ерекше қажеттіліктері бар балалар, «қиын» балалар, дарынды оқушылар және т.б. Осындай әртүрлі санаттағы адамдармен жоғарыда айтылған қызмет түрлерін сапалы және нәтижелі іске асыру, әрине, сол қызметтің басты субъектісі – педагог-психологтан кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейін талап етеді.

Е.В. Барышникованың пікірі бойынша, кәсіби қызметті нәтижелі іске асыру үшін негіз болатын тұлғалық құзыреттілікті құрайтын дара-психологиялық сипаттамалар педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері болып табылады. Олардың зерттеу нәтижелері әрбір студенттің «психологиялық» бейнесін жасауға және педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді:

– зияткерлік блок: жоғары зеректілік, интеллектуалдық құбылмалылық, шығармашылық қиялдың орташа деңгейі;

– эмоциялық блок: сезімталдық, эмпатия, қарым-қатынастағы жұмсақтық, өзіне деген сенімділік, эмоциялық тұрақтылық, өзінің эмоцияларын жоғары деңгейде бақылау;

– коммуникативтік блок: ашықтық, адал ниеттілік, әлеуметтік белсенділік. [7]

Е.Л.Иргит болашақ педагог-психологтарды теориялық және тәжірибелік даярлауда құзыреттілік тәсілдемесінің маңыздылығын негіздей отырып, болашақ маманның кәсіби дайындығын оның әдістемелік, кәсіби (арнайы) және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастырумен байланыстырады. Әдістемелік құзыреттілік педагог-психологтың арнайы кәсіби құралдарды – технологиялар мен әдістемелерді, жеке адамға және топқа әсер ету іскерлігін меңгеруді білдіреді. Арнайы құзыреттілік нақты кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қажетті теориялық білім мен практикалық іскерліктерді қамтиды. Әлеуметтік құзыреттілік маманның әлеуметтік жетілуін, белгілі бір этикалық ұстанымдарының, жеке тәжірибесінің, сондай-ақ өзге адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларының болуын білдіреді. [8]

Л.Э. Филатова психологиялық қызметте қарым-қатынас құзыреттілігі аса маңызды деп есептейді және оның өзара байланысты мынадай компоненттерін ажыратып көрсетеді:

1) уәждемелік-құндылықты компонент: психологиялық қызметтің аксиологиялық басымдықтарын, сонымен қатар психологтың кәсіби қызметі үшін маңызды болып табылатын жеке қасиеттерді (эмпатия, рефлексия, төзімділік, интербелсенділік) қамтиды;

2) операциялық компонент: болашақ психологтың нақты практикалық мәселелерді тиімді шешуіне мүмкіндік беретін құзыреттерді (байланысын орнату және жүргізу; өзінің бейвербалды әрекеттерін басқару және серіктестің бейвербалды әрекеттерін анықтау; тыңдау қабілеті, кері байланысты ескеру қабілеті және т.б.) қамтиды. [9]

Зерттеушілер Х.Т. Шерьяданова мен Ш. С. Марданованың пікірінше, психологтардың кәсіби қызметінің ерекшелігі – мұндағы басты құрал кәсіби білім, білік, дағдылар ғана емес, маманның кәсіби тұлғасы. Психологтың эмпатия, эмоциялық ұстамдылық, эмоциялық байсалдылық, сезімталдық, адамдарды баурап алу қабілеті сияқты тұлғалық қасиеттері оның кәсіби қызметінің жүйелік компоненті болып табылатын эмоциялық құзыреттілікті құрайды. [10]

В.И. Долгованың пікірінше, педагог-психолог үшін кәсіби міндеттерді сәтті орындауда оның тұлғалық сапалары аса маңызды. Бұл ретте, кәсіби қызметтің субъектісі ретіндегі педагог-психологтың дара ерекшеліктері кәсіби маңызды қасиеттерге, яғни кәсіби ресурсқа айналады. Зерттеуші педагог-психологтың кәсіби маңызды қасиеттерін алты блокқа бөліп қарастырады:

1) эмоциялық компонент: эмпатия, эмоциялық тұрақтылық, жаңа жағдайдарға бейімделу қабілеті, шешімдер мен іс-әрекеттер дербестігі;

2) коммуникативтік компонент: коммуникативтілік, көшбасшылық, мінез-құлық әдептілігі, жалпы мәдениет, сыртқы келбет мәдениеті;

3) когнитивтік компонент: психопрофилактиканың микротехникаларын білу, тәжірибе жинақтау және жаңалау қабілеті, тәжірибені шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі, ойлау және сөйлеу мәдениеті;

4) уәждемелік компонент: гуманизм, бедел, жұмысқа қабілеттілік;

5) тәжірибелік компонент: бағыттылық, ұйымдасушылық, жинақылық, жауапкершілік, тыңғылықтық, бастамашылдық;

6) рефлексивтік компонент: өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бағалау қабілеті, әділеттілік және шынайылық. [11]

Қазақстандық жас ғалым П.Т.Абдуллаева өз зерттеуінде психологиялық-педагогикалық қызметтегі диагностикалық іс-әрекеттің маңыздылығын негіздеп, болашақ педагог-психологтың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін

қарастырады. Диагностикалық құзыреттілік – бұл педагог-психологтың зерттеу-анықтау мәселелерін тиімді шешуге дайындығы және қабілеттігі. Құрылымдық тұрғыдан алғанда, ол жеке тұлғаның ажырамас қасиеті болып табылады және диагноз қою теориясы мен практикасының синтезі негізінде қалыптасатын, диагностикалық болжамдарды ұсынуға деген ниеттілік пен қабілеттілік, кәсіби мәселелерді қою, оларды шешудің жолдары мен нәтижелерін талдай білу, үнемі өз қызметіне мақсатты түзетулер енгізуді қажетсіну түрінде көрінетін жеке құзыреттерді қамтиды. [12]

Ғалымдар Э.К. Хакимова және Р.А. Валеева өз зерттеулерінде «педагог-психолог мамандығы үнемі шамадан тыс психоэмоциялық жүктемелермен, эмоциялық шиеленістермен, эмоционалдық күйзелістермен қатар жүреді» деп көрсетіп, эмоциялық құзыреттілікті кәсіби құзыреттіліктің маңызды компоненті ретінде қарастырады. [13] Демек, өзінің эмоциялық жағдайын реттеу, психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс-әрекетке уәждемесі мен қызығушылығының болуы, кәсіби құндылықтарды білу педагог-психолог үшін кәсіби маңызды сапалар болып табылады.

А.Ю.Казакова педагог-психологтың алдында тұрған кәсіби міндеттерді шешуге қажетті білім, ептілік, дағдыларға сараптамалық баға бере отырып, оған қажетті мынадай құзыреттіліктерді көрсетеді: әлеуметтік-нормативтік, психологиялық-педагогикалық, психологиялық-тұжырымдамалық. [14]

Э.М. Фещенко педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін «маман тұлғасының кәсіби қызметтің міндеттерін тәуелсіз және сапалы түрде орындауда көрінетін, кәсіби базалық білім мен дағдылармен, қабілеттермен анықталатын өзара байланысты психикалық үрдістер мен жеке қасиеттерінің күрделі жүйесі» ретінде анықтайды. [15]

Жоғарыдағы тұжырымдар негізінде педагог-психологтың кәсіби қызметі үшін өзінің эмоциялық жағдайын реттеу, психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс-әрекетке уәждемесі мен қызығушылығының болуы, кәсіптің құндылықтарын білу аса маңызды қабілеттер деп есептейміз. Ендеше, педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін оның теориялық-тәжірибелік даярлығын және кәсіби-маңызды тұлғалық сапаларын қамтитын біртұтас интегративті құрылым ретінде қарастырған жөн.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Кәсіби құзыреттіліктің құрылымын жасаудағы әртүрлі көзқарастарды талдап қорыту негізінде, кәсіби құзыреттіліктің құрамында үш негізгі құрылымдық компонентті ажыратуға болады: когнитивті (кәсіби білімдер); іс-әрекеттік (кәсіби ептіліктер мен дағдылар); тұлғалық (тұлғаның кәсіби маңызды сапалары). Осының негізінде педагог-психологқа қатысты кәсіби құзыреттілік құрылымын былайша анықтауға болады:

1) когнитивті компонент психологиялық-педагогикалық білім (адам дамуына әсер ететін негізгі заңдылықтар мен факторларды, білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үрдісті жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу, т.с.с.);

2) іс-әрекеттік компонент – түзету-дамыту, оқыту, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық, басқару, мәдени-ағарту қызметтерін орындауға қажетті ептіліктер мен дағдылар;

3) тұлғалық компонент мыналардан тұрады:

- когнитивті құраушы (логикалық ойлау, аналитикалық іскерлік, ақыл-ой әрекетінің жоғары өнімділігі, ойлау процестерінің шапшаңдығы және икемділігі, көрегендік);

- эмоциялық құраушы (эмпатия, рефлексия, өзін-өзі реттеу, эмоциялық тұрақтылық, өзгелермен қарым-қатынасты реттеу);

- уәждемелік құраушы (кәсіби уәжділік, өзге адамға бағытталу, өз мүдделерін өзгелердің ыңғайына бағындыра алу және т.с.с.);

- еріктік құраушы (шешім қабылдаудағы батылдылық, белсенділік, ұстамдылық).

Аталған компоненттер педагог-психологтың кәсіби қызметті іске асыруға дайындығын сипаттайды және болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін

қалыптастырудың негізгі бағыттарын анықтайды. Ал олардың қалыптасуы келесі көрсеткіштермен анықталады: когнитивті компонент – кәсіби білімнің толықтығы, әрекеттілігі (тәжірибеде қолдану мүмкіндігі); іс-әрекеттік компонент – кәсіби мәселелерді өздігінен дербес шешу қабілетінің, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттердің қалыптасуы; тұлғалық компонент – кәсіби уәждемелер, кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттер.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, кәсіби құзыретті маман деп өзінің психологиялық-педагогикалық іс-әрекетін жоғары дәрежеде ұйымдастыру арқылы үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын, әрдайым қарым-қатынасқа және өзін-өзі дамытуға дайын педагог-психологты атауға болады. Кәсіби құзыреттілік маманның тікелей еңбек тәжірибесіне қарай пайда болатын қасиет емес, оны болашақ маманды даярлау барысында қалыптастыру қажет. Сондықтан мәселеге қатысты тың ғылыми зерттеулер жүргізіп, олардың теориялық және практикалық нәтижелерін құзыретті маманның моделін құруда, «Педагогика және психология» маман даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын жасақтауда ескеріп, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін инновациялық оқыту технологияларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жолдарын анықтау қажет деп есептейміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

[1] Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (24.11.2021 ж. заңдағай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) Білім туралы - "Әділет" АҚЗН (zan.kz)

[2] *Bilim berudiң barлық deңgejiniң memlekettik zhalpyға mindetti bilim beru standarty (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. № 604 қаулысымен бекітілген) "Bilim berudiң barлық deңgejiniң memlekettik zhalpyға mindetti bilim beru standarttaryn bekіtu turaly" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы - "Әділет" АҚЗН (zan.kz)*

[3] Verbickij A.A. *Invarianty professionalizma: problemy formirovaniya: monografiya/ A.A. Verbickij, M.D. Il'yazova. -M: Logos, 2011. -288 s.*

[4] Gladkaya I.V. *Stanovlenie ponyatiya «Professional'naya kompetentnost'» v teorii professional'nogo obrazovaniya // СHеловек і образование, 2011, № 2, S. 130-134 [Elektrondyқ resurs]: Stat'ya v zhurnale "СHеловек і образование" - 2011. - №2. (narod.ru) (өtinim берілген күні: 21.07.2021).*

[5] Markova A.K. *Psihologiya professionalizma / A.K. Markova. -M.: Mezhdunarodnyj gumanitarnyj fond «Znanie», 1996. -308 s.*

[6] Balymbaeva Z. *Bilim berudegi praktikalық psihologiya: oқu құралы/ Balymbaeva Z., Ahtaeva N.-Almaty: KazNU im. al'-Farabi, 2013, 232 s.*

[7] Baryshnikova, E.V. *Professional'naya kompetentnost' budushchih pedagogov-psihologov [Tekst]: monografiya / E.V. Baryshnikova. - СHelyabinsk: Izd-vo YUzh.-Ural. gos. guman.-ped. un-ta, 2017. - 239 s.*

[8] Irgit E.L. *Kompetentnostnyj podhod v teorii i praktike professional'noj podgotovki pedagogov-psihologov // Psihologiya. Istoriko-kriticheskie obzory i sovremennye issledovaniya. 2016. Tom 5. № 6A. S. 223-235 [Elektrondyқ resurs]: Irgit E.L. Nauchnaya stat'ya «Kompetentnostnyj podhod v teorii i praktike professional'noj podgotovki pedagogov-psihologov» (publishing-vak.ru) (өtinim берілген күні: 17.09.2021).*

[9] Filatova L.E. *Psihologo-pedagogicheskie usloviya formirovaniya kompetentnosti v professional'nom obshchenii studentov-psihologov: avtoref. na soisk. uchenoj step. kand. psihol. nauk: – M., 2012. – 21 s.*

[10] SHer'yazdanova H.T., Mardanova SH.S. *Emocional'naya kompetentnost' v strukture professional'noj kompetentnosti psihologov //Pedagogika і psihologiya. - 2019. - №*



1(38). - S.59-68 [Elektronдық resurs]: «Vypusk 38 № 1 (2019): Pedagogika i psihologiya» | Pedagogika i psihologiya (kaznpu.kz) (өtinim berilgen kыni: 27.09.2021).

[11] Dolgova, V.I. Formirovanie professional'no vazhnyh kachestv [Tekst]: uchebnoe posobie / V.I. Dolgova, V.K. SHayahmetova. – CHelyabinsk: Izd-vo YUzh.-Ural. gos. guman.-ped. un-ta, 2017. – 133 s

[12] P.Abdullayeva\*, K.Moldassan, P.Miteva, Z.Madaliyeva, B.Arinova, H.Bahar. Forming diagnostic competence of future teachers-psychologists in the university environment [Elektronдық resurs]: Revista ESPASIOS | Vol. 38 (Nº 48) Año 2017 (өtinim berilgen kыni: 22.09.2021).

[13] Hakimova E.K. Formirovanie emocional'noj kompetentnosti u budushchih pedagogov-psihologov : dissertatsiya ... kand.pedagogicheskikh nauk: - Kazan', 2018. - 304 s.

[14] Kazakova, A. YU. Formirovanie professional'nyh kompetenciy u budushchih pedagogov-psihologov // Molodoj uchenyj. -2020, № 11 (301). - S. 251-253. [Elektronдық resurs]: Stat'ya v zhurnale «Molodoj uchenyj» (moluch.ru) (өtinim berilgen kыni: 22.09.2021).

[15] Feshchenko E.M. Proektnyj podhod k razvitiyu professional'noj kompetentnosti pedagogov-psihologov: dissertatsiya ... kandidata psiholog. nauk: - Bryansk, 2008. - 229 s.